

**"Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 39-232 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2015 жылы 13 қаңтарда № 2995 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 03-23 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 26.04.2016 № 03-23 шешімімен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 65-тармағына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Кербұлақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан мәслихаты аппаратының басшысы Иманбаев Амангельды Тұрысбекұлына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*М. Ахметжанов*

*Е. Суранчинов*

Кербұлақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы "19" желтоқсандағы "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 39-232 шешіміне қосымша

## **"Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі тиісті мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекеме мәслихат хатшысының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041100, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Момышұлы көшесі, № 10.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне

кәсіпкерлік субъектілерімен "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: аудандық мәслихат пен оның органдарының қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, депутаттарға өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсету.

Міндеттері:

1) аудандық мәслихатпен қабылданатын шешімдердің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету;

2) аудандық мәслихаттың және оның органдарының қызметі жөніндегі мәліметтерін, аудандық мәслихатпен қабылданған нормативтік құқықтық актілерін, сессия материалдарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялану үшін дайындау және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) аудандық мәслихаттың депутаттарына ұйымдастыру, құжаттамалық, құқықтық, ақпараттық-талдау қызметтерін көрсету;

2) аудандық мәслихатпен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің мониторингін жүргізу;

3) тұрақты және уақытша комиссия отырыстарына қатысу, мәслихат шешімдерінің, комиссиялардың қорытындыларының және шешімдердің жобаларын әзірлеу мәселелерінде депутаттарға көмек көрсету;

4) нормативтік құқықтық сипаттағы мәслихат шешімдерін әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге рәсімдеу және ұсыну.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) лауазымды тұлғаларға және мемлекеттік органдарға аудандық мәслихаттың құзырына кіретін мәселелер бойынша консультативтік - әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастыру-техникалық және өзге де көмектер көрсету;

2) аудандық мәслихат сессияларының, тұрақты және уақытша комиссиялары

отырыстарының хаттамаларының жүргізілуін қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асыруға құқылы.

### **3. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

18. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын мәслихаттың хатшысы жүзеге асырады.

19. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мәслихат хатшысын мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сайлайды және қызметтен босатады.

20. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мәслихат хатшысының орынбасарлары жоқ.

21. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мәслихат хатшысының өкілеттігі:

1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

3) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;

4) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;

6) мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

7) әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашылық еткен мәслихат депутаттарының жиналған қолдарының төлнұсқалығын тексеруді ұйымдастырады;

- 8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;
- 9) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;
- 10) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкіл болады;
- 11) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;
- 12) 12) мәслихат шешімі бойынша өзге де міндеттерді орындайды.
- 13) "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мәслихат хатшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке сайланатын және қызметтен босатылатын мәслихат хатшысы басқарады.

#### **4. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

23. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Кербұлақ аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК